



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

№ \_\_\_\_\_

**«MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы»  
Қоғамдық қоры**

2022 жылғы 3 мамырдағы  
№ F-1822 хатқа

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Экология министрлігі), жоғарыда көрсетілген өтінішті қарастырып, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабының 4 тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту арқылы коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

Осыған орай, Экология министрлігі халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін әзірлеп бекітті (ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығы).

Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті қалдықтарды басқару саласындағы ұйымдар арасында бөлу Экология министрлігі құзыретіне жатпайтынын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының қалдықтарды басқару жөніндегі саясаты «жасыл» экономикаға көш жөніндегі тұжырымдамамен айқындалған.

Осы Тұжырымдаманың мақсаты сай қатты тұрмыстық қалдықтардың (бұдан әрі - ҚТҚ) қайта өңдеу үлесін 2030 жылға дейін 40 % -ға, 2050 жылға дейін 50 % -ға қол жеткізу көзделген. Сонымен қатар, ҚТҚ полигондарының 95 %-ы экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келуі көзделген.

Жыл сайын Қазақстанда шамамен 4,5 млн.тонна қатты тұрмыстық ҚТҚ түзіледі. Қайта өңделген және кәдеге жаратылған ҚТҚ үлесі 2021 жылдың қортындысы бойынша 21,1%-ды құрады. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда шамамен 4 % өскен. (2017 жыл – 9,5 %, 2018 жыл – 11,51%, 2019 жыл – 14,9%, 2020 жыл – 18,6%).

2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚТҚ полигондарының саны 3007, оның 603-і экологиялық және санитарлық талаптарға сай келеді, яғни 20 %-ы.

Сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтар Нұр-Сұлтан, Шымкент және Жаңаөзен қалаларындағы зауыттарда, сонымен қатар негізінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарында сұрыпталады және қайта өңделеді.

Қазіргі таңда елімізде ірілі ұсақты қалдық өңдейтін, тасымалдаумен, жинаумен айналысатын 251 астам мекемелер бар. Өндірушілермен импортерлардың кеңейтілген механизмі енгізілген кезден бастап олардың саны жыл сайын өсуде. Аталған кәсіпорындардың тізімі Экология министрлігінің интернет-ресурсында [орналастырылған https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/documents/details/261115?lang=ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/documents/details/261115?lang=ru).

Бүгінгі таңда Су заңнамасына сәйкес Министрлік су ресурстарын алу мен пайдалануды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырады. Су жинау және суды пайдалану жөніндегі бастапқы деректерді су пайдаланушылар «Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп» (индексі 2-ТП (сушар) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны *(бұдан әрі – Есен)* бойынша ұсынады.

Осы есеп шеңберінде суды нақты алу, суару үшін пайдалану, сондай-ақ суарылған алаңдар бойынша есеп жүргізіледі. Барлық жинақталған статистикалық деректер Ұлттық статистика бюросына беріледі.

Суармалы жерлерді пайдаланудың және өнім алудың технологиялық саясаты мәселелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыретіне кіреді. Дақылдардың өнімділігі мен су шығыны ауылшаруашылық технологиясы мен ауылшаруашылық жерлеріндегі суару деңгейіне, сондай-ақ ауылшаруашылық дақылдарының түріне байланысты.

Осыған байланысты Экология министрлігі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіне есеп жүргізе алмайды.

Өз құзыретіне сәйкес Экология министрлігі келесіні хабарлайды, ауыл шаруашылығының суды тұтыну үлесі жалпы су тартудың 60%-ын құрайды. Ауыл шаруашылығы мұқтаждарына арналған су алу орташа есеппен 15,7 км3 құрайды, оның 77%-ы 1,4 млн. га алаңда тұрақты суару мұқтаждарына пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 13-тарауына сәйкес, Сіз өтінішті қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылысыз.

**Вице-министр**

**З. Сүлейменова**

*Назгүл Алимсурина*  
8 7172 741251